

**"Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың төлеу мөлшерін бекіту туралы" Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № А-9/443 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № а-9/437 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 қыркүйекте № 4991 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қазандағы № а-10/335 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 12.10.2017 № а-10/335 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуінің № 3831 Тізімінде тіркелген, 2013 жылғы 19 қазанда " Ереймен", "Ерейментау" газеттерінде жарияланған) Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № А-9/443 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

Қаулының қосымшасы жаңа редакцияда қосымшаға сәйкес жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Е.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ерейментау ауданының әкімі*

*Е.Нұғыманов*

Ерейментау ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "4" қыркүйек

№ а-9/437 қаулысына  
қосымша  
Ерейментау ауданы әкімдігінің  
2013 жылғы 29 тамыздағы  
№ а-9/443 қаулысымен  
бекітілді

**Ерейментау ауданында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру  
мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы  
қаржыландыру және ата-аналардың төлем мөлшері**

Ауданның атауы	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру ұйымы тәрбиеленушілердің саны			Мектепке дейінгі мекемелерде айына (теңге) жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері		
Ерейментау	Бала бақша	Мектеп жанындағы күні толық келумен шағын орталық	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Бала бақша	Мектеп кезінде толық келумен шағын орталық	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық
мемлекеттік	190	0	508	22380,2	0	7953,4
жеке меншік	30	0	0	22380,2	0	0

Ауданның атауы	Бір тәрбиеленушіге айына (теңге) шығындардың орташа құны			Мектепке дейінгі мекемелерде айына (теңге) ата-аналар төлемінің мөлшері		
Ерейментау	Бала бақша	Мектеп жанындағы күні толық келумен шағын орталық	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Бала бақша	Мектеп кезінде толық келумен шағын орталық	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық
мемлекеттік	22380,2	0	7953,4	8000	0	0
жеке меншік	22380,2	0	0	15000	0	0